

**«№12 балабақша – бастауыш мектеп» кешені» КММ**

Сынып сағатының тақырыбы:	«Саналы ұрпақ-жарқын болашақ»	
Күні:02.09.2019ж.	Мұғалімі: Асанбаева Г.К.	
Сыныбы: 1«Ә» 2 «Ә»	Қатысқаны: 23, 20 Қатыспағаны:	
<p>Мақсаты: а) Ата-аналардың үлгісі негізінде оқушыларды ата-аналарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>ә) Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту; .</p> <p>б) Халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы оқушылардың бойында асыл да адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру</p>		
Оқытуда қолданатын іс-әрекет	Сұрақ-жауап, түсіндіру	
Оқу нәтижелері:		
	Оны өмірде қолдана алады.	
	Өз ойларын толық жеткізе алады.	
Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Кіріспе бөлім	Шаттық шеңбері: Өзіңнің Қазақстан, ән арманым да Аяулы, алтын бесік қара орманым да, Бір нәрсе жетпейді деу қате болар Өзіңдей ұлан байтақ дала барында, Гүл дала Қазақстаным, - дей отырып, сіздерді тренингке шақырамын.	Оқушылар шаттық шеңберін құрады
Негізгі бөлім	Бүгінгі тренингте біз өз елімізді қалай мақтан тұтатынымызды айтқымыз келеді. Мысалы: Қазақстан жері көз жетпес кең байтақ, қазақ халқы қонақжай халық, Қазақстан берекелі, байлықты, ырысты ел, Қазақстан – тәуелсіз ел, Қазақстан көп ұлтты ел, Қазақстан – болашағы жарқын ел, Қазақ елі тауымен, орман көлімен көрікті т.б. Осылайша жіпті бір-бірімізге ұсына отырып шаңырақ көтеруіміз керек. Мұғалім: Өте дұрыс айттыңыздар. Қазақ халқы үшін тәуелсіздік ұғымынан асқан қасиетті, киелі, қастерлі ұғым жоқ. Тәуелсіздік- халқымыздың ғасырлар бойы аңсап, шөлдеп, көп қиындықпен жеткен арманы.	Әр оқушыға ресурстар таратылады

## **2.Кезең**

Сіздерге қима қағаздар ұсынылып тұр осы қағаздардан бір-біруден алыңыздар.

**I топ.** Карта бейнеленген қағаздары барлар

**II топ.** Ту бейнеленген қима қағаздарды алғандар

1-топ .Саналы ұрпақ.

2-топ.Жарқын болашақ

Сурет салып,қорғау.

## **3.Келесі кезең :**

«Отан» сөзіне кластер құру.

Қазақстанның тарихи даму барысында бірнеше қала астана қызметін атқарған. 1920-1924

жылдары Орынбор қаласы, 1924-1928 жылдары

Қызылорда , 1928 жылдан Ақмола астана

болғанша Алматы осы міндеті атқарды.

Ақмола қаласы 50-жылдардың ортасында тың

және тыңайған жерлерді игеру кезінде дами

бастаған солтүстік облыс орталықтарының бірі

болды. 1996 жылы 6 шілдеде астананы

Алматыдан Ақмолаға көшіруге шешім

қабылданды. 1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап

Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми

түрде жарияланды. Ал 1998 жылы 6 мамырда

елбасы Н.Ә.Назарбаев Ақмола қаласын Астана

деп атауға жарлық шығарды. 1998 жылы 10

маусымда ресми түрде жаңа астананың

тұсаукесер тойы болып өтті.

«Қазақ елінің жүріп өткен жолы» бейне көрінісін назарларыңызға ұсынамын.

## **4..Келесі кезеңде**

1. топ «Туған ел»

2.топ«Мәңгілік ел»

тақырыптарына постер қорғау керек.

## **5.Кезең.**

Синквейн әдісін пайдалана отырып 5 жолды өлең құрастыру. Тапсырма екі топқа бірдей.

1.Зат есім /1 сөз/

2.Сын есім /2 сөз/

3.Етістік /3 сөз/

4.Сөйлем

5.Синоним

## **6.Кезең.**

Зияткерлік тапсырма «Ойлан. Тап»стратегиясы

Отан, Туған жер туралы мақалдарды толықтыру

керек.

	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Отан — ... да ыстық. (оттан)</li> <li>2. Туған жерге ... тік. (туың)</li> <li>3. ... көлін аңсайды, ... туған жерін аңсайды. (Аққу) (Ер жігіт)</li> <li>4. Туған жердің ... де ыстық, ... де ыстық. (күні) (түні)</li> <li>5. Отан ... басталады. (отбасынан) (бесік).</li> <li>6. Абыройлы анаң да – Отан, ... әкең де – Отан. (Асқар тау)</li> <li>7. ... өскен жерінде, Адамның жаны – туған елінде. (Ағаш)</li> <li>8. Туған жердің ... да тәтті. (жуасы) т.б.</li> </ol> <p><b>7. «Сағат бойынша достар» тренингі.</b></p> <p>Қолын қысыңыз</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2. Арқасынан қағыңыз</li> <li>3. Күлімсіреңіз</li> <li>4. Қол бұлғаңыз</li> <li>5. Көзіңізді қысыңыз</li> <li>6. Комплимент айтыңыз</li> <li>7. Бір тілек айтыңыз</li> <li>8. Ауамен сүйетініңізді білдіріңіз</li> <li>9. Массаж жасаңыз</li> <li>10. Арқаларыңызбен уқаланыңыз</li> <li>11. Құшақтаңыз</li> <li>12. Қол ұстасып 3 рет секіріңіз</li> </ol>	
<p>Қорытынды</p>	<p>Бүгінгі сабағымызды аяқтау үшін «Рахат қалашығын» құруды ұсынамын. Ол үшін сіздерге ұсынылған жүрекшелерге Рахат ауылын Рахат қаласы ету үшін не жасау керек екенін, яғни өз ойларыңызбен, армандарыңызбен бөлісуіңіз керек.</p> <p><b>«Атамекен» әнін орындатқызу</b></p>	
<p>Рефлексия</p>		

